



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ
№ 07 Б А С П А С Ө З - Р Е Л И З І
2 0 0 7 Ж Ы Л Ғ Ы 1 9 А Қ П А Н
Халықаралық резервтер және
ақша базасы туралы

1. Халықаралық резервтер және ақша базасы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық қордың ақшасын есептемегенде) және ақша базасы 2007 жылғы 15 ақпанда мынадай болды:

	Ағымдағы бағалармен	Тұрақты бағалармен ¹
Таза халықаралық резервтер, млн. долл.	22 011,0	21 938,9
оның ішінде:		
ЕАВ-дағы ² таза активтер	20 530,9	20 530,9
Алтын	1 480,1	1 408,1
Ақша базасы, млрд. теңге	1 516,3	1 516,3
Тар ақша базасы ³ , млрд. теңге	1 348,4	1 348,4
ЕДБ ⁴ -нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттері, млрд. теңге	167,9	167,9
KZT/USD (кезең аяғында)	123,95	127,00
Алтынның бағасы (1 троялық унция USD-мен)	668,25	635,70

1 теңгенің АҚШ долларына бағасы және алтынның бағасы 2006 жылдың аяғындағы жағдай бойынша көрсетілген.

2 ЕАВ-дағы² таза активтер – бұл ЕАВ-дағы жиынтық активтер мен міндеттемелер арасындағы айырма

3 Тар ақша базасы – ЕДБ-нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы

4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

2007 жылғы ақпанның бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері өсті.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағамен 5,3%-ға (немесе 1 114,1 млн. долл.) өсті.

Ұлттық Банктің ішкі валюта нарығында валюта сатып алуы, Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуі және екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтарының өсуі валюта қорының ұлғаюына әкеп соқты. Ұлттық қордың активтерін толықтыру және алтын-валюта резервтерінің шоттарынан Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша жүргізілген операциялар көлемі айтарлықтай болған жоқ.

Нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 1 032,0 млн. долларға, әлемдік нарықтағы бағасының 3,5%-ға өсуі нәтижесінде алтындағы активтер 82,1 млн. долларға артты.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері тұрақты бағамен 5,1%-ға, ЕАВ-дағы таза активтер 5,3 %-ға, алтындағы активтер – 2,3 %-ға өсті.

Ұлттық қордың ақшасын қосқанда (алдын ала деректер бойынша 15 277,2 млн. долл.) еліміздің халықаралық резервтері тұтастай алғанда (ағымдағы бағамен) 37 292,5 млн. долл. құрады. Өткен аймен салыстырғанда 4,6%-ға өсті.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің өсуі 2007 жылғы ақпанның бірінші жартысында ақша базасының 9,0%-ға (немесе 125,3 млрд. теңгеге) кеңеюіне себепші болды.